Бекітемін:

Мектеп директоры:

_____А.А Нургалиева

Абай негізгі мектебі бойынша педагогикалық әдеп кенесінің жұмыс жоспары

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	**Педагогикалық әдеп кенесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде** 1. Педагогикалық этика және Кенесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Қыркүйек 2021 жыл	Хаттама
2	**Педагогикалық әдеп кенесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде** 1. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдиеті	Қараша 2021 жыл	Хаттама
3	**Педагогикалық әдеп кенесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде** 1 Педагогтардың құқықтары 2 Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары	Қаңтар 2022 жыл	Хаттама
4	**«Құқықтық сауаттылық» күні**	Нурыз 2022 жыл	Анықтама
5	**Педагогикалық әдеп кенесінің №4 отырысы. Күн тәртібінде** 1. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 2. Педагогтардың әлеуметтік желіде. Қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Мамыр 2022 жыл	Хаттама

Абай негізгі мектебі.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№1 хаттамасы

23.09.2022ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және кенесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенес төрайымы сөз алды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.Кенес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» КР Зандарына ,өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және обьективтілік пен әділдік,әдептілік қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағйдаттарын басшылыкка алады. Кенестің негізгі міндеттері: Білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету,педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау, педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән жайларды жан жақты , толық обьективті зерттеу болып табылады.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса , заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай ,бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді.Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердін бірін шығара алады : білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну,тәртіптік істі тоқтату.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кенес мүшесі:

Макимова С. А./ қазак тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі сөз алды.

Ұстаз этикасы –мұғаліммен бала ,ата- ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас . Педагогикалық әтика –ұжым ішінде , мұғалімдер арасында басталып ,өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс.Моральдік тәрбие-жан жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен зандылықтары болғандықтан , оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс.Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді ,орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатанастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қорытынды сөз.

Кеңес төрайымы : С.В.Шумская.

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кенесінің ережесі қаралды ,ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті.Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1.Педагогикалық әдеп кенесінің ережесі бекітілсін.

2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

3. Жас мамандармен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы әнгімелер өткізілсін.

Кеңес төрайымы: С.В.Шумская.

Хатшы: М.Н.Калинурова.

Абай негізгі мектебі.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№2 хаттамасы

04.11.2022ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде.

1.Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.

2.Педагогикалық эдеп және сөйлеу мәдениеті.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенес төрайымы сөз алды.

Қазіргі кездегі мектеп –оқушылар үшін ақпарат берудің бірден бір көзі емес.Олар мектеп өмірі , мұғалімдер , оқушылар өмірі туралы оқиды,интернет жүйесінен хабардар болады.Сондықтан да біздің оқушылармен қарым-қатынасымыздың мәні ерекше.Оқушыларымен дұрыс іскерлік және эмоциялық қарым-қатынас орнату -күрделі іс. Ол бізден жоғары шеберлікті іскерлік пен дағдыларды қажет етеді. Ал біздің шеберлігіміздің аса маңызды бөлігі -педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика болып табылады

Педагогикалық әдеп-мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік.Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады.

Педагогикалық тактиканың тым күрделі аса жақсыдан жаманға дейін , мейлінші жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін.Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп кеңпейілді , сақ, әдепті болғанымен олармен қоян қолтық араласа алмайтын жағдай болады.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кенес мүшесі: Ещанова Ж.М../ орыс тілі пәнінің мұғалімі сөз алды.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті дегеніміз - ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптар мен қатар өзіне тән формалардың сақталуы болып табылады.Бұл нормада сөйлеу үлгісіндегі сөздерді дыбыстау, сөздін сазын келтіріп айту тәртібін айтады.Шебер мұғалім үшін

ең бастысы ол кіммен болса да тіл табыса алуы , үйде ,достарының қасында, ұжымда болсын жағымды атмосфера тудыра біледі.

Қорытынды сөз:

Кенес төрайымы : С.В.Шумская.

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика , әдеп және сөйлеу мәдениеті туралы сөз қозғалды. Егер мұғалім әдебі мол , көнілді жайдары болса , мектепте одан беделді адам болмайтыны түсінікті.

Кеңес шешімі:

1.Педагогикалық әдеп пен тактика ережелерін жиі карастыру.

2.Педагогикалық сөйлеу мәдениетін қадағалау.

Кеңес төрайымы: С.В.Шумская.

Хатшы: М.Н.Калинурова.

Абай негізгі мектебі.

№3 хаттамасы

28.01.2022ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде.

1.Педагогтардың құқықтары.

2.Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп –этикалық нормалары.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенесінің мүшесі Рскельдина К.У. физика пәнінің мұғалімі сөз алды.

Қ Р Үкіметінің 2019 жылғы № 645 қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары бойынша айтылған тармақтарын атап өтті.

7-бап. Педагогтың кәсіби қызметтегі құқықтары.

1-Педагог өзінің кәсіби қызметінде:

1) Білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға;

3) Өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір қасиетін қорғауға;

4) Кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық- техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;

5) Ғылыми, зерттеу, шығармашылық эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) Кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі: Макимова С.А қазақ тілі пәнінің мұғалімі сөз алды.

Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады.

Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды шешудің жолдарын табады. Педагог қзінің азамсаттық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болуы тиіс.

Кеңес шешімі:

1. Берілге ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын;
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын;
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: С.В.Шумская.

Хатшы: М.Н.Калинурова.